

## Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 қазандағы N 1102 Қаулысы

**Қ о л д а н у ш ы л а р д ы ң            н а з а р ы н а !**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 қазандағы N 1102 Қаулысының 1-тармағының 3) тармақшасын және 2-тармағын қоспағанда күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.24 N 387 (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) (күші жойылды - 2004.10.29. N 1127 қаулысымен)

2) (күші жойылды - 2004.10.29. N 1127 қаулысымен)

3) (алынып тасталды - 2009.03.20. N 374 Қаулысымен)

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық комитеттері - мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық комитеттері - мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін;

2) Комитеттің қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету жөніндегі қажет ету шараларды қабылдасын.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 20 қазандағы N 1070 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 37, 338-күжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1301 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 45, 403-құжат).

**5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.**

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 9 қазандағы  
N 1102 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

**Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.03.20. N 374 Қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК